

Әкімдіктің 2020 жылғы 22 қыркүйектегі № 328 "Карантинді белгілеу туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № 436 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 қарашада № 9601 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 475 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 24.12.2020 № 475 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 7-1/86 "Шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу немесе алып тастау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10414 болып тіркелген) бекітілген Шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу немесе алып тастау қағидаларының 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Қостанай облысының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 30 қарашадағы № 01-08/2816 ұсынысы негізінде Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің "Карантинді белгілеу туралы" 2020 жылғы 22 қыркүйектегі № 328 қаулысына (2020 жылғы 22 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9466 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 7-жолмен толықтырылсын:

"

7	Әулікөл ауданы	Сұлукөл ауылдық округінің Юльев ауылы
---	----------------	---------------------------------------

"

2. "Қостанай облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

А. Мухамбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК